

**«Солтүстік Қазақстан өңірінде қалмақ тұқымы төлінің өсім қарқынын арттыру» тақырыбымен 8D08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін жазған**

**А.Т.Бекболатованың диссертациясына жазылған**

**ПІКІР**

Бекболатова А.Т. докторлық диссертациясының тақырыбы «Солтүстік Қазақстан өңірінде қалмақ тұқымы төлінің өсім қарқынын арттыру» 8D08201– Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығына және ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиялық дәрежесіне сай келеді. Докторлық диссертация мазмұны және көлемі бойынша әдістемелік нұсқау талаптарына сай, рәсімделуі және докторлық диссертацияның қорғауының талаптарына толық жауап береді.

Нарық сұранысына сай ғылым саласында Қазақстан Республикасының жоспарлы тұқымдарының төлдерін өсіру мен бордақылаудың болашақты интенсификациясының рационалды технологиясын құру мәселесі, өсіру мен бордақылау технологиясы, тұқымдық, жыныстық және жастық ерекшеліктерін ескере отырып сойысқа арналған ірі қара малдардың тиімді жасы мен тірілей салмағының ғылыми дәлелдемесі өзекті болып отыр.

Арнайы етті ірі қара мал тұқымдарының көптеген ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Бұл малдар жоғары ет өнімділігімен және етінің аса сапалылығымен, тез жетілгіштігімен, өнімге азықты аз жұмсайтындығымен ерекшеленеді. Оларды сойған кезде еті жеуге жарамды, жұмсақ, әрі мол, халықаралық стандарт талабына сай болып келеді және олардан сапалы тері шикізаты алынады. Етті ірі қара шаруашылығы саласына шығынды аз жұмсап, жерді экстенсивті пайдаланатын аймақтарда арзан ет өндіруге мүмкіндік бар.

Осы тұрғыда докторант Бекболатова Айнагулдың диссертациялық тақырыбы Қазақстанның солтүстік өңірлерінде өсірілетін етті бағытындағы импорттық ірі қара мал қалмақ тұқымының генотиптік ерекшеліктерін ескере отырып, төлдерінің өсіу мен дамуы туралы зерттеулерге арналған №

Диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы, 156 "Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерді төлеу" ерекшелігі бойынша ЖТН АР08956453 "Қостанай облысы жағдайында қалмақ тұқымын жетілдіру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу" ғылыми гранттық жобасы және BR 10764981-ОТ-22 «Етті мал шаруашылығында генетикалық ресурстарды сақтау мен жетілдірудің селекциялық процесін тиімді басқару технологияларын әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарлама аясында орындалды. Зерттеу нысаны ретінде әртүрлі аталық ізден тараған қалмақ тұқым төлдері (бұқашықтары мен ұрғашы баспақтары) алынды.

Докторлық диссертацияны жазу кезінде 205 аса әдебиет көздері пайдаланылды. Әдебиетке шолу бөлімінде Қазақстан Республикасының етті ірі қара мал шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігінің дамуы, қалмақ етті ірі қара мал тұқымының қысқаша сипаттамасы және ет өнімділігінің деңгейі мен ет сапасына әсер етуші факторлар қарастырылып, диссертация тақырыбы тәжірибелік және теориялық маңызға ие екендігі анықталды.

Докторант Бекболатова А.Т. бекітілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүргізілген ғылыми шаруашылықтық зерттеулерінде әртүрлі аталық ізден тараған қалмақ тұқым бұқашықтары мен ұрғашы баспақтарының туғаннан бастап зерттеу аяқталғанға дейінгі тірілей салмақ көрсеткіштері мен дене бітімі ерекшеліктеріне генетикалық әсерін бағалау, жыл мезгіліне байланысты қанның гемотологиялық көрсеткіштерін зерттеу, ұрғашы баспақтардың ұдайы өндіру қабілетін анықтау, бұқашықтардың 15 және 18 айлық жастарында сойыс нәтижелері мен ет өнімділігі көрсеткіштері анықталды.

Жоғарыда аталған көрсеткіштер бойынша Моряк- 12054 аталық ізінен тараған төлдердің көрсеткіштері біршама жоғары болғаны дәлелденді.

Докторант Бекболатова А.Т. диссертация тақырыбы бойынша импорттық қалмақ тұқым төлдерімен жүргізілген зерттеу әдістерін толық меңгерді. Зерттеу тәжірибелерінің мәліметтерін өңдеп, ғылыми тұрғыдан интерпретацияланып, қорытындылап, докторлық диссертация жұмысын рәсімдеді. Диссертациялық зерттеу жұмысыны құрылымы, шкі логикасы, өзіндік жүйесі, сабақтастықпен өзара бірлестігі толық сақталған. Ол ғылыми теориялық тұрғыдан бекітілуімен, деректі және статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, оны ғылыми жалпы биотехнологиялық, зоотехникалық, генетикалық және биохимиялық әдістер аясында, зерттеу тәжірибелерінің нәтижелерін талдап қорытуымен сипаттап келтірген. Сондықтан жұмыстың қорытындылары зерттеу мәліметтерімен туындап, олардың маңызын сақтап көрсетеді.

Зерттеу материалдары бойынша ҚР ҒЖБМ ғылым Комитеті ұсынған журналдарында 3 және Scopus базасына кіретін журналында 1 мақала жарияланды.

Бекболатова Айнагул Такеновнаның «Солтүстік Қазақстан өңірінде қалмақ тұқымы төлінің өсім қарқынын арттыру» тақырыбы бойынша диссертациясы аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Докторант қойылған мақсат пен міндеттерді толығымен орындап, алынған зерттеу нәтижелері бойынша акттар жасап, ұсыныстар келтірілген.

Бекболатова А.Т. диссертациясы жаңалығының өзектілігі және зерттеу нәтижелері негізінде шынайылығы, ғылыми және тәжірибелік құндылығы, зерттеулер мен жарияланған мәліметтердің көлемі бойынша докторлық диссертациялар талаптарына сәйкес келеді және қорғауға жіберілуі мүмкін деп тұжырымдаймын, ал Бекболатова Айнагул Такеновна 8D08201– Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы

бойынша философия PhD докторы дәрежесін алуға лайық деп санап, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші  
PhD докторы, азық түлік қауіпсіздігі  
және биотехнология  
кафедрасының аға оқытушысы



И.Айтжанова

«28» 05 2024ж.

Подпись И. Айтжановичи И.К  
заверяю.  
И. Айтжановичи И.К  
(подпись)  
И. Айтжановичи И.К  
(должность, ФИО)